

# Білімнің салтанат құруы

**2018-2019 жылға елімізде 87 жоғарғы оқу орынына 29 мың мемлекеттік грант бөлінді. Елімізде 7600 мектеп, 634 колледж, 133 жоғарғы оқу орындары бар. Республика аумағында 20 «Назарбаев зияткерлік мектептері» білім беруде.**



«Болашақ» бағдарламасының аясында шетелдерде - ғылыми, педагогикалық, инженерлік және медициналық кадрларды мақсатты – бағдарлама әдісімен дайындау жүргізіліп жатыр. «Болашақ» бағдарламасы арқылы әлемнің 35 еліндегі 170 үздік жоғары оқу орнында оқу үшін 12 000 астам қазақстандыққа халықаралық стипендия тағайындалған. 2018 жылы «рухани жаңғыру» бағдарламасындағы міндеттерді іске асыруға 160 мамандық қарастырылып, 251 білім гранты тағайындалды.

# Қазақстанның революциялық емес, ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ дамуы

## Қазақ көрген қасірет:

1. 1921-1922 жылдардағы ашаршылық
2. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық
3. 1937-1938 жж Сталиндік репрессия

# 1921-1922 жылдардағы ашаршылық

Қазақстан бойынша аштыққа ұрынғандар саны **2 832 000** адамды құраған. Ал 1920 жылдың соңында республиканың барлық тұрғындарының саны **4 781 263** адам еді. Ал **1 млн** адам аштықтан, жұқпалы аурулардан қаза тапты.



# 1932—1933 жылдардағы ашаршылық

Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда **40,5 млн** бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан қалғаны бар болғаны **4,5 млн** бас еді. 1931—1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан **6,2 млн** республика халқының **2,1 млн-ы** қырылды.



# 1937-1938 жылдардағы Сталиндік қуғын-сүргін

1937-1938 жылдар аралығында Қазақстанда 100 мыңнан астам адамға «Халық жауы» деген жала жабылып, 25 мыңға жуығы жазықсыз атылды. Оның сыртында жаппай жала жабу, кәмпескелеу мен ұжымдастыру сияқты ұлтымызға қарсы бағытталған алапат апатты жылдары туған даласының топырағынан тірідей айырылып, жер бетіне тарыдай шашырап, тоз – тоз болып кеткен сан мыңдаған қазақты қосыңыз. Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагері, кейін баршаның аузында АЛЖИРДЕ 20 мыңға дейін халық зиялыларының жарлары мен балалары қамауда болды.



# 1937-1938 жыл - Сталиндік репрессия



# 1939-1941 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс

Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өткізіліп, әрбір бесінші адам майданға аттанды, 603 мыңы қазақстандық қайтыс болды. Қазақстан майдан арсеналына айналып, майдан мен тылды қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен қамтамасыз етуші аймақ болды. Майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде 70 мыңдай әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті.





# Соғыстан кейінгі Қазақстан

1940-1950 жылдары да ұлт саясатын қудалау ісі жалғасты. Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов, С. Мұқанов, Ө. Марғұлан, Қ. Сәтбаев қудаланды.

Степлаг, Карлаг (Қараганды лагері), АЛЖИР лагерлері

1954 жылы Қазақстанда 6,5 млн гектар, яғни Кеңес Одағындағы тың және тыңайған жерлердің 50%-ы жыртылды. Ал 1955 жылы Қазақстан бойынша 18 млн га, яғни 66,6% жер жыртылды. 1960 жыл-дарға қарай Қазақстанның тың өлкелерінде 9 млн га жер жел эрозиясына ұшырады. 1954-1962 жылдар аралығында тың игеру үшін Қазақстанға КСРО-ның тек еуропалық бөлігінен 2 млн адам әкелінді. Республикада қазақ халқының үлесі 30%-ға дейін төмендеп, ұлттық тіл, салт-дәстүр мен халық-тың әлеуметтік институттарының жойылып кету қаупі туды.



# Арал теңізінің экологиялық ахуалы

Ауыл шаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау, суды өте көп қажет ететін күріш, мақта дақылдарын барынша көбейтіп жіберу, жерді игерудің агротехникалық шараларын сақтамау және суды үнемді пайдаланбау жыл өткен сайын теңіз суын тарылтуда.

Теңіз түбінен көтерілген улы тұздың мөлшері жылына 13-20 млн т деп есептеледі. Тіптен, тұзды шандар әсері сонау Орта Азия республикалары аумағына жетіп, ауыл шаруашылығына зардабын тигізуде. Топырақтың тұздануы Өзбекстанда – 60%, Қазақстанда – 60-70%-ға артып отыр.

Арал табанынан кезінде жылына 72 млн. Тонна тұз дүние жүзіне шаң болып тарап, ал Арал өңірінде әрбір гектар жерге 700 кг тұз аспаннан жауатынын дәлелдеген.



July - September, 1989

August 12, 2003

# Балқаш көлінің экологиясы

Балқаш металлургия кәсіпорындарының өндіріс қалдықтарының әсерінен суда ауыр металдар (мыс, мырыш, қорғасын, кадмий, т.б.) мен күкірт оксидтерінің мөлшері көбейді. Балқаш алабынан атмосфераға түсетін әр түрлі газдардың көлемі жылына 250 мың т-ға жетті. Бұл газдар көл бетінен буланған ылғалмен қосылып, жерге қайтадан қышқыл жаңбыр болып жауады. Қапшағай су электр станциясының салынуына байланысты 1970 жылдан су деңгейі күрт төмендеді.



# Семей полигоны – Қазақстанның ядролық қасіреті

18 млн га жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Жүргізілген сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды, ал ол ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Тұңғыш рет 1949 жылы 29 тамызда атом бомбасы жарылып, сынақтан өтті. 1951 жылы 18 қазанда уран бомбасы, 1953 жылы 12 тамызда жер үстінде дүние жүзінде алғаш рет қуаттылығы 500 килотонна болатын сутек бомбасы сыналды.





# Елімізге келген өзгерістер

**1950-жылдардан бастап, халықтың 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы нәтижесінде төмендеп кеткен саны мен табиғи өсімін көтеру мақсатында бірқатар әлеуметтік жағдайлар жасалынды. Он жылдық білім енгізілді, жалақы мөлшері өсті, ауруханалар салынды, тұрғын үйлер салу қолға алынды («хрущевтық үйлер»), екіқабат әйелдерге жағдай жасалып, балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы енгізілді, тегін дәрігерлік көмек халықтың барлық әлеуметтік тобына қызмет етті.**

**Қазақстан өнеркәсіп пен индустрия аймағына айналып, металл мен мұнай, киім, тұрмыстық заттар, көлік, тамақ өндіретін зауыт фабрикалар салынды.**